

«КЕЛІСІЛДІ»

Қостанай облысы әкімдігі

білім басқармасының

«Қостанай қаласы білім бөлімінің

№ 1 кешкі мектебі» КММ директоры


Б. Бекенов

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім
бөлімінің № 1 кешкі мектебі» КММ
Аналитикалық анықтамасы**

Қостанай қаласы

30.12.2021 жыл

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 1 кешкі мектебі» КММ директорының 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №81 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы негізінде 2021 жылғы 22 желтоқсан мен 2021 жылғы 30 желтоқсан аралығында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 1 кешкі мектебі» КММ (бұдан әрі – №1 кешкі мектеп) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

«Персоналды басқару»

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 1 кешкі мектебі» КММ-де басқарушылық функциялар келесі қызмет бағыттары бойынша іске асырылады: оқу жұмысы, тәрбие жұмысы. Қызметкерлердің штаттық саны 27 адамды құрайды, оның ішінде 16 педагог қызметкер және 11 техникалық персонал. Ағымдағы жылғы 30 желтоқсандағы жағдай бойынша педагог қызметкерлердің нақты саны – 16 адам. Бүгінгі күні бос орын жоқ.

№1 кешкі мектептің педагог қызметкерлерінің сапалық құрамына келсек, қызметкерлердің орташа жасы 55 жасты құрайтынын атап өткен жөн. Зейнеткерлік жастағы қызметкерлер – 1. Ұлттық құрамы бойынша 80 % - қазақ, 20% - орыс және украин ұлтының өкілдері.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 49-бабының 5 тармақшасына сәйкес 2021 жылдың екінші жартыжылдығында мектептен 3 қызметкер (техникалық персонал) жұмыстан босатылды.

Өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыру үшін қызметтік міндеттерін тиімді атқару мақсатында біліктілікті арттыру кестесіне сәйкес 2021 жылдың екінші жартыжылдығында №1 кешкі мектептің 3 педагог қызметкері қашықтықтан курстық дайындықтан өтті. Сонымен қатар, «Өрлеу» БАҰО» АҚ «Педагогтардың цифрлық құзыреттілігін дамыту»

тақырыбы бойынша 11 педагог – қашықтықтан біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Тәртіптік тәжірибені талдай отырып, №1 кешкі мектептің педагог қызметкерлері 2021 жылыдың бірінші жартыжылдығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, еңбек заңнамасын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылмағанын атап өтеміз.

№ 1 кешкі мектепте мүдделер қақтығысы жоқ.

Осылайша, педагог қызметкерлердің қызметі Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарын, педагогикалық әдеп қағидаларын іске асыруға бағытталған.

Жалпы, №1 кешкі мектептің педагог қызметкерлерінің қызметі қойылған функциялар мен міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған.

«Мемлекеттік қызмет көрсету»

Қазіргі уақытта Қостанай қаласының №1 кешкі мектебінде барлығы 4 мемлекеттік қызмет жүзеге асырылады:

- «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау»;

- «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау»;

- «Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру»;

- педагог кадрларды аттестаттау (санаты педагог – модератор).

2021 жылдың 01 шілдеден 30 желтоқсанына дейін № 1 кешкі мектеппен - 9 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде: Мемлекеттік корпорация арқылы (ХҚКО) – 0, тікелей мемлекеттік мекемеде – 0, электрондық үкімет порталы арқылы көрсетілген egov.kz - 1, "Сакура" электрондық порталы арқылы - 8.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселелері жыл сайын мектеп директоры жанындағы кеңестерде қаралады.

Мәселен, 2021 жылғы тамызда мектеп директоры жанындағы кеңесте №1 кешкі мектептің 2021-2022 оқу жылындағы мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманың сақталуы жөніндегі қызметін зерделеу туралы ақпарат тыңдалады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты қызметкерлер «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімі» ММ өткізетін оқыту семинарларына тұрақты қатысады: Халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы түсіндіру мақсатында №1 кешкі мектеп тоқсан сайын азаматтарға мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат беріп отырады, интернет-ресурстарда мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша ақпарат жаңартылып, мемлекеттік қызметтер орналастырылды.

«Рұқсат беру функцияларын іске асыру»

№ 1 кешкі мектеп рұқсат беру қызметін жүзеге асырмайды.

«Бақылау функцияларын іске асыру»

№1 кешкі мектеп бақылау функцияларын жүзеге асырмайды.

«№1 кешкі мектептің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер»

2021 жылғы 1 шілде мен 2021 жылғы 30 желтоқсан аралығындағы жағдай бойынша Қостанай қаласының №1 кешкі мектебіне жеке және заңды тұлғалардан өтініш келіп түспеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша жұмыс тобы келесі ұсыныстар жасады:

1. №1 кешкі мектептің педагог қызметкерлері Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарын және педагогикалық әдеп ережелерін сақтауы тиіс.
2. Мектеп әдіскеріне баспа басылымдарында жариялаумен немесе кешкі мектептің ресми интернет-ресурсында орналастырумен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмысын жүргізсін.
3. Директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары, мектеп хатшысы Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңнаманы сақтасын, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаумен халық арасында тұрақты түсіндіру жұмысын жүргізсін.
4. Мектеп әдіскері азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мерзімдеріне бақылауды күшейтсін.

Жұмыс тобының төрайымы:



С. Д. Исергенова

Жұмыс тобының мүшелерімен келісілді:

С.С. Аманова



Ш.Т. Толегенова

